

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 5 желтоқсан N 1812

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жамбыл облысының әкіміне Жамбыл облысының Жаңатас және Қаратау қалаларындағы 2000-2001 жылдары жылыту маусымын жүргізу үшін отын сатып алуға 2000 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 200 000 000(екі жүз

миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі